ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қантарда іс №1912-24-00-2/3215 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Д.Туткабек отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық қаупсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызметтік кинология басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, БИН 010440016110

ЖАУАПКЕР:
«Алексеевский А.Н.» жеке кәсіпкер атынан Алексеевский Андрей Николаевич, ИИН 660611301755

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және келісім шартын соммасынан 10% айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Н.Уразгалиев
Талап қоюшының өкілдері Е.К.Байзаков, Р.Р.Сайдимаров
Жауапкердің өкілі Т.У.Мукушев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіШекара қызметі Қызметтік кинология басқармасы (Бұдан әрі - Басқарма)» Республикалық мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мен «Алексеевский А.Н.» жеке кәсіпкері арасында (бұдан әрі – Жеткізуші)

Қызметтік кинологиялық басқармасының қажеттіліктері үшін қызметтік иттерді жеткізу бойынша 2024 жылғы 3 сәуірдегі №29 мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (бұдан әрі – №29 келісім-шарт)жасасты.

№29 келісім-шарттың қосылған құн салығын қоспағанда жалпы соммасы 9 900 000 (тоғыз миллион тоғыз жүз мың) теңгені құрайды.

№29 келісім-шарттың №1 қосымшасына және техникалық шарттарға сәйкес, сатып алынатын қызметтік иттерді жеткізу мерзімі 2024 жылдың 25 қазанына дейін (карантиннің аяқталуын ескере отырып) деп анықталған. Карантин Тапсырыс берушімен белгіленген жеткізу күніне дейін кемінде 30 күн бойы жүргізіледі.

2024 жылғы 11 қыркүйекте Жеткізушіге келісім-шартқа сәйкес, иттерді жеткізу 2024 жылғы 23 қыркүйекке дейін карантинге жатқызылуы тиіс екендігі туралы (2024 жылғы 11 қыркүйектегі № 15/1-1-1159 хабарлама) хабардар етілген.

Жасалған №29 келісім-шартқа сәйкес, иттерді карантинге белгіленген мерзімде жеткізу жүзеге асырылмағаны туралы (2024 жылғы 25 қыркүйекте № 15/1-1-1230) хабарлама берілді.

2024 жылғы 02 қазанда Талап берушіге Жеткізушінің кепілдік хаты (2024 жылғы 02 қазан № 161 кепілдік хаты) келіп түскен, онда Жеткізуші Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 434-V Заңының (бұдар әрі -№434-V Заңы)талаптарына сәйкес келісім шартты орындайтыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) және 10% айыппұл санкциясын төлейтіні туралы кепілдік берген.№434-V Заңының 45-бабы 2-тармағы 4-тармақшасын басшылыққа ала отырып келісім шартқа өзгерістер енгізуді сұраған. Кепілдік мерзімі 2024 жылдың 20 қарашасына дейін (карантиндік кезеңді көрсетпестен) деп көрсеткен.

2024 жылғы 08 қазанда Жеткізуші №434-V Заңының 45-бабы 2-тармағы 4-тармақшасына сәйкес, жеткізудің оңтайлы мерзімі қолданыстағы №29 келісім-шартында көрсетілгені және жасалған келісім-шартқа өзгертулер енгізуге негіз жоқ екендігі туралы (2024 жылғы 08 қарашасындағы №15/1-1-1347 хабарлама) хабарланған.

2024 жылғы 23 қазанда Жеткізушіге №29 келісім-шарттың 13-бөлімінің (Тараптардың жауапкершілігі) 13.3 тармағына (Жеткізуші міндеттемені тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші кешіктірілген әрбір күн үшін 0,1 (нөлдік балл) мөлшерінде өсімпұлды (айыппұлды) өндіріп алады) сәйкес, әрбір кешіктірілген күн үшін міндеттемелерді тиісінше орындамау сомасының пайызы, 2024 жылғы 25 қазаннан бастап кешіктірілген әрбір күн үшін 0,1 пайыз өсімпұл есептелетіні туралы хабарланған (2024 жылғы 23 қазандағы №15/1-1-1433 хабарлама). Олар сондай-ақ айыппұлды төлеу жеткізушіні №29 келісім-шартты орындаудан босатпайтынын хабарланған.

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 20.01.2025

1912-24-3-1/3218

2024 жылғы 4 қарашада Жеткізушіге 2024 жылғы 25 қазанға дейін сатып алынатын қызметтік иттерді жеткізілмегені және белгіленген жеткізу мерзіміне дейін Басқармада кемінде 30 күн жүргізіледі (Техникалық ерекшелікке сәйкес, иттерді карантиндеу кепілдік мерзімі кемінде 30 күн құрайды), оның жүргізілу барысында азықтандыру және қажетті диагностикалық зерттеулер Жеткізуші есебінен жүргізілетіні туралы хабардар етілді және келісім-шарттың 13 «Тараптардың жауапкершілігі» 13.3-тармағына (Өнім беруші міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұл) тиісті түрде міндеттерін орындамаған соммадан әрбір кешіктірілген күн үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы мөлшерінде өндіріп алады) сәйкес, 2024 жылғы 25 қазаннан бастап есептеледі және 0,1 пайыз мөлшерінде айыппұл салынатынын хабарлаған (2024 жылғы 4 қарашадағы № 15/1-1-1512 хабарлама).

2024 жылғы 14 қарашада Жеткізуші сатып алынатын қызметтік иттерді 2024 жылдың 15 қарашасында сағат 15.00-де, вирустарға тапсырылған ПТР (полимерлі тізбекті реакция) сынамаларының нәтижелерін алғаннан кейін жеткізілетінін хабарлаған.

2024 жылғы 15 қарашада Жеткізушімен №29 келісім-шартына сәйкес, бельгиялық овчарка тұқымды 3 (үш) бас қызметтік иттердің әкелу барысында ПТР сынамасын тапсыру кезінде 3 иттің парвовирус энтеритіне оң нәтиже бергені туралы Тапсырыс берушіні хабардар еткен (зертханалық зерттеу нәтижелері қоса беріледі).

Иттердегі парвовирус энтериті өте жұқпалы және жедел вирустық ауру. Асқазан-ішек жолдары негізінен зардап шегеді. Клиникалық түрде патология летаргиямен, тамақтанудан бас тартумен, құсумен және диареямен көрінеді. Симптомдар тез дамиды және ветеринариялық көмексіз жануар өлуі мүмкін.

Иттердің парвовирусы қоршаған ортада тұрақты. Бөлме жағдайында 12 айға дейін өмір сүре алады, 56 градусқа дейін 30 минуттық жылытуға, 70% алкогольмен және дезинфекциялық заттардың көпшілігімен өңдеуге шыдайды. Жүн және күтім заттарына арналған консервілер.

Ауру және сауығып кеткен жануарлар қоздырғышты барлық биологиялық сұйықтықтармен (несеп, сілекей, көзден және мұрыннан бөліну), сонымен қатар құсу және нәжіспен бірге шығарады.

Вирус қалыпты жағдайда тек тез өсетін жасушаларда ғана көбейе алады (көбейеді), сондықтан оның ішектің шырышты қабығына, лимфоидты мүшелерге, сүйек кемігіне және миокардқа тропизмі («бейімділігі») бар.

2024 жылғы 15 қарашада Жеткізушімен келісім-шартқа сәйкес үш бас қызметтік итті жеткізіп, комиссия құрамымен қабылданбады. Себебі: жеткізілген қызметтік иттерде ПТР тестілерін тапсыру барысында,

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 20.01.2025

парвовирустық энтеритке “оң” нәтиже шыққан (қызметтік иттерді қайтару туралы актісі қосымша тіркеледі).

Зертханалық зерттеу 2024 жылдың 14 қарашасында Алматы қаласы, Жұбанова көшесі, 94 мекенжайы бойынша «Equi Lab» ветеринариялық зертханасында жүргізілген.

Жеткізуші келісім-шарттың 10.Кепілдік 10.2 тармағына (өнім беруші, бұдан әрі, осы Шарт бойынша берілген Тауарлардың клиникалық сау болатынына кепілдік береді)сәйкес, парвовирустық энтеритке “оң” нәтиже шыққан және қызметтік иттерді клиникалық сау иттерге ауыстырылмаған.

2024 жылғы 16 қарашада Жеткізушіге №29 келісім-шарттың13.Тараптардың жауапкершілігі, 13.12-тармағының (Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі Шартты орындауды орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші кез келген уақытта оны бұза алады. Хабарлама Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттың міндеттемелердің көлемі, сондай ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күн жазылады.) талаптарына сәйкес хабарлама жіберілген (2024 жылғы 16 қарашадағы №15/1-1-1620 хабарлама).

Осылайша, жасалған №29 келісім-шарт бойынша Тапсырыс берушінің Қараойда орналасқан жеріне тауарды жеткізу қарастырылған.

2024 жылғы16 қарашадағы жағдай бойынша Жеткізуші №29 келісім-шарттың талаптарын орындамаған, атап айтқанда Қызметтік кинология басқармасына 3 бас мөлшерінде вирусты қызметтік иттержеткізілген, бірақ уақытылы сау иттерге ауыстырылмаған.

Жеткізушінің өз міндеттемелерін уақтылы орындамауы Басқарманың жауынгерлік даярлығына дайындықты ұйымдастыруды бұзу қаупісияқты жағымсыз салдарға әкеп соқты.

Осыған сүйене отырып талап қоюшы заңдарынын талаптарына сәй сотқа талап қоюмен жүгінде. Талап қоюды жауапкерді мемлекеттік сатып алыдың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыз айыппұлымен 10 пайыз айыппұлды өндіруді сотта сұрады.

Жауапкер тарапынан тадап қоюға қарсы пікір тапсырылды.

Талап қоюшынын өкілдері сотта талап қоюды толығымен құаттап, жауапкерді мемлекеттік сатып алыдың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыз айыппұлымен 10 пайыз айыппұлды өндіруді сотта сұрады.

Жауапкердің өкілі сотта талап қоюды ішінара мойындап, тек тұрақсыздық айыбын төлеу туралы уәждер келтіріп соттан талап қою ішінара қанағаттандыруға сұрады.

Маман ретінде сотта А.В.Жигайлов пен А.Ж.Жылкайдар шарт бойынша жауапкер тапсыратын болған іттері аурғанын көрсетті оған қоса

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 20.01.2025

1912-24-3-1/3218

осындай іттерді Басқарма тарапынан сатып алғанда басқа питомникте тұрған іттерге және олардың күшіктері ауры болатын айтты.

Прокурор өз қорытынды сөзінде талап қою толығымен қанағаттандыруға жататын деп сотқа көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындаған жоқ. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Шант бойынша ұақытылы міндеттерің тараптар орындалмаса тұрақсыздық айып төлеу міндет болатын.

Ал, талап қоюшының тарапынан қосымша жауапкер тарапынан мемлекеттік кірісіне 10 пайыз айыппұлды өндіру туралы талабы артық таққаны аңықталып тұр. Себебі жауапкерге екі рет айыппұлды төлеу туралы заңға және сотта аңыкталған мән жайларына сәкес емес.

Жауапкердің өкілінің жосықсыз қатысушы деп тануға негіз жоқ деп көрсеткен уәждері сот барысында өз дәлелің тапқан жоқ. Жауапкер 2024 жылдың сәуір айынан бастап 2024 жылғы 25 қазаңға дейін шартта көрсетілген міндеттерің орындау үшін мүмкіншілігі болған. Сонымен қатар, жауапкер жеке кәсіпкер бола тұра шарта көрсетілген міндеттерің орындамағанды оңы жосықсыз қатысушы деп білген және тұрақсыздық айыбыны оның атынан өндіруді туралы.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, тауарды /іттерді/ жеткізмегенің, жағымсыз салдарға әкеп соққаның ескеріп, шарта тұрақсыздық айыппұл туралы көрсеткенің, талап қою ішінара қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қанағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 401, 405 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 20.01.2025

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қаупсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызметтік кинология басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Алексеевский А.Н.» жеке кәсіпкер атынан Алексеевский Андрей Николаевич - мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын және 10 пайыз айыппұлын мемлекеттік кірісіне өндіру туралы талап қоюды ішінара қанағаттандыруға.

«Алексеевский А.Н.» жеке кәсіпкер атынан Алексеевский Андрей Николаевич - мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

«Алексеевский А.Н.» жеке кәсіпкер атынан Алексеевский Андрей Николаевичтен мемлекеттік кірісіне 2024 жылғы 3 сәуірдегі №29 мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартына сәйкес 207 900 /екі жүз жетті мың тоғыз жүз/ теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді.

«Алексеевский А.Н.» жеке кәсіпкер атынан Алексеевский Андрей Николаевичтен мемлекеттік кірісіне сот шығындар яғни мемлекеттік баж есебінде 8 089 /сегіз мың сексен тоғыз/ теңге мөлшерінде өндірілсін.

Талап қою басқа бөлігінде қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 20.01.2025